

Байкабулов Х.С.,* Әсен З.Ш, Төлеген Ұ.Ш.

т.ғ.к., доцент, ХГТУ, Шымкент, Қазақстан
магистр оқытушы, ХГТУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, ХГТУ, Шымкент, Қазақстан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Автор корреспондент: prais_95@mail.ru

Түйін. Бұл мақалада Оңтүстік қазақстанның ортағасырлық Отырар мен Тараз қалаларының қоғамдық ғимараттарының бірі мешіттердің пайда болуы мен дамуы туралы айтылады. 1971 жылдан бастап, Оңтүстік Қазақстанкешенді археологиялық экспедициясының (ОҚКАЭ) жұмысын бастады, 1993-1996 жылғы үзілістерден кейін қазірге дейін жалғасуда. Бұл жылдардың ішінде XIV ғасыр аяғы – XV ғасыр басындағы жұма мешіт, XVI – XVIII ғасырлар жұма мешіті зерттелді. Көне қала Тараз жерінде жүргізілген қазбалар тараз өмірінің әр түрлі кезеңдеріндегі құрылыс кешплекстері мен ғимараттарын берені. Археологиялық материалдар ортағасырлық Отырар мен Тараз және Сауран қалаларындағы мешіттерінің деңгейін көрсетеді. Ортағасырлық Сауран Мешіті туралы мәліметтер келтіріледі.

Кілттік сөздер: Отырар, мешіт, Тараз, Сауран, қоғамдық ғимараттар, археология, археологиялық қазбалар.

XIV-XV ғасырлардағы Отырар туралы айтқанда, археологтар анықтаған, жұма мешіт құрылысы туралы айтпай кету мүмкін емес.

Мешіт орталық төбенің оңтүстік шығыс бөлігінде орналасқан. Мешіт салынатын құрылыс орны мұқият тегістелген. Мешіт едені тығыз сыланған. Көлемі 60x22 метр құрылыс шығыстан батысқа созылыпжатыр. Кірісі солтүстік фасадтың ортасында, көлемі 2,7x1,35 метр пилондары бар портал қабырға сызығынан шығынқы орналасқан. Портал тіреулерінің арасы 6 метрдей. Батыс пилон 1,7 метр биіктікте сақталған, шығыс пилон толығымен бұзылып алынған. Порталдың бұрышында етегі домалақ мұнаралар орнатылған. Олардың диаметрі 2 метр Мұнара ішінде айналма сатылар болған. Оларға порталдың ішкі жағындағы ені 1 метр есік арқылы кіретін болған. Порталдың батыс жағында айналма сатының алғашқы төрт тепкішегі сақталған. Ғимараттың қасбеттік композициясын, үш қатарға тұрғызылған отыз тіреуден тұратын төрт ашық галерея айқындайды. Тіреулер кесіндісін де шаршы тәрізді (1,35x1,35 м). Тіреулер арақашықтығы 3,7 м.

Кірістің осінде екі зал болған. Төбе жабынтіреулері толық бұзылған десе болады. Кесіндісінде тікбұрышты, көлемі 3,3x1,65 метр тіреу бірінші залдың батыс жағында сақталған. Михрабты бас залдың алдыңғы екі тіреуі жартылай сақталған. Тіреулер кесіндісінде көпқырлы болған деуге негіз бар. Артқы тіреулер михрабтың екі жанындағы тшаршы пилон тәрізді көрінеді.

Михраб орнатылған қабырға да биік табалдырықты есік бар. Ол қал ақамаланың маңын да

Орналасқан тұрғын жайларға баратын көшеге шығады. Мешіт қабырғасының қалыңдығы 1,35 метр бас фасадтың бұрыштары пилястр тәрізді жасалған.

Тіреулер, ойпатты таспа тәсілімен толтырған пахсаға 15-20 см терендікке отырғызылған. Пахсаға, топырақ тұзынан қорғау үшін, күйген ағаш түйірлері қосылған. Топырақтан жасалған фундаменттің жалпы қалыңдығы 1,1 метр. Бұл - монументалды құрылыстардың отырудан сақтауда Орта Азия мен Қазақстанның ортағасырлық архитектурасында кеңінен қолданылатын тәсіл.

Негізгі конструкциялар-қабырғалар, тіреулер, портал пилондары сапалы қыштардан тұрғы-зылған. Қыш шаршы пішінді, көлемі 25-28 см. Қыштар тұрақты байламмен, ганч қоспасымен қаланған. Қабырғалардың кей жерлерінде ганч сылағының алғашқы қабаттары сақталған.

Мешіттің архитектуралық безендіруі қызықты. Олар жайында мешітті жапқан қабаттағы тұрғын жайлардан табылған керамикалық беттемелерден білуге болады. Олардың ішінде түрлі-түсті Шыңылтырлы қыштар, қою көк және көк түсті қаптамалар, ою-өрнек және зооморфты сюжеттер салынған шаршы және тік бұрышты тақталардағы көптүсті майоликалар бар. Шыңыртырлы қаптамалардың басым бөлігі михрабты қабырға мен залдың орнындағы бөлмелерден табылды.

Отырардың жұма мешіті, Орта Азия ортағасырлық архитектурасында жақсы мәлім, бағаналы-күмбезді құрылыстар түріне жатады. Бағаналы конструкциялары Отырар мешітін Құйрықтөбе мешітімен жақындастырады. Құйрықтөбе мешіті анағұрлым ерте, X ғасырда тұрғызылған, бағаналы мешіттерінің типологиясының дамуының ерте кезеңіне жатады.

Мешіттің фасадтық қабырғасымен кешеннің солтүстік құрылысының арасындағы ауланың көлемі 40x22 метр. Мешіт пен аула және солтүстік құрылыстың жалпы көлемі 72x22 метр.

Мешіт ауласының едені, сақталып қалған бөліктер мен ганч қоспасының қиыршықтарына қарап, құрылыс қабырғалары сияқты, көлемі 25x25x5 см шаршы қышпен төселген деуге болады.

Кешеннің солтүстігіндегі құрылыс архитектуралық пассаж түрінде. Ол екі жағында бөлмелер орналасқан, ені 3,47 метр орталық дәлізден құралған. Оңтүстік бөлігінің бөлмелері көлемі жағынан кішігірім: 3,41x1,42 метр. Бұлар ішкі жағы дәлізден бір қатар қыштан қаланған табалдырықпен бөлінген айвандар болуы мүмкін. Мұндай бөлмелердің бесеуі толық, солтүстік-батыстағы алтыншысы жартылай аршылды.

Дәліздің солтүстігінде орналасқан бөлмелер айван-бөлмелерге қарама-қарсы орналасқан. Бұл жақтың бөлмелері де бір осте параллель орналасқан. Бес бөлме толық, бірі жартылай аршылды. Құрылымы жағынан бұл бөлмелер екіге бөлінген. Біріншісі-дәлізге шығатын, көлемі 3,5x1,4 метр, тамбур айван, оның солтүстік-батыс жағында, ені 1,1 метр бөлменің екінші бөлігіне өтетін есік бар. Бүкіл кешеннің сыртқы қабырғасы болып табылатын, бөлмелердің артқы, солтүстік қабырғалары зерттелмеді. Сондықтан, бөлмелердің ұзындығын анықтау мүмкін болмай тұр. Бөлмелердің ені-3,7 метр. Бұл бөлмелердің қабырғалары қыш пен кесекті аралас кезек қолдану арқылы қаланған. Екінші құрылыс қабатының бар екендігі анықталды. Оның барысында кей бөлмелер қайта салынып, оларда сыпалар орнатылған. Алтыншы бөлме зерттелген бес бөлмеден көлемімен ерекшеленеді. Құрылыстың қосымша ерекшеліктерін зерттеу мүмкін емес, оған кейінгі уақыт қабаттары кедергі келтіреді.

Мешіттің бірден Темір өлгеннен соңғы кезеңде қирау себептері туралы сұрақ туындайды. Бұған мешіттің бітпей қалғандығы себеп болса керек. Мешіт сол құрылыс күйінде қалып, онда намаз оқылмаса керек. Сондықтан, Отырар тұрғындары оны тұрғын жайға айналдырған.

Мешіт қирандылары 1993, 2002-2004 жж. ЮНЕСКО-Қазақстан-Жапонияның «Көне Отырарды сақтау мен реставрациялау» жобасының аясында үш кезеңде жүргізілген консервациялық шаралар, сонымен қатар 2005 ж. жүргізілген қосымша консервациялық шаралар нәтижесінде қазірге дейін сақталған [1]

Тараздағы мешіт қаланың батыс рабадының территориясында Қарахан кесенесінің жанында орналасқан. Қазба жұмыстары кезінде мешіт шаршы екенгі, сыртқы көршауаның өлшемі 20x20 м және ішкі зад өлшемі 14,6x14,15 м екендігі анықталды. Мешіттің ішінде сақталып қалған 4 қатар мұнараның астында тастан жасалған база әр қатар

да 4-еуден. Остер арасындағы көлденең кадам 2,75 м тең, ұзындығы - 3,5 м. Кіре беріске қарсы тас негіздердің арасында мұнара қадамы 3,8 м құрайды. Тас негіздердің формалары мен өлшемдері әр түрлі, бірақ бәрінің биіктері бірдей - 0,4-0,45 м.

Мешіт жарыққа қарай орналасқан. Мешіт қабырғаларын пахсалық блоктар мен өңделмеген кірпішті арадыра қалаған. Сақталып қалған қабырға қалыңдықтары әр түрлі:

солтүстік (фасад) - 3,1 м, шығысы 2,5 м, батысы 1,8 м және оңтүстік қабырғасы 2 м. Өңделмеген кірпіш екі түрлі: тәкбұрышты (45X22,5X9 см) және шаршылы (26X26X10 см). Қабырғалардың ішкі тік беті тікбұрышты өңделмеген кірпіштен қалған. Мұндай құрылым солтүстік, оңтүстік және шығыс қабырғаларда атақталды. Ал батыс қабырғасы күрделі қайта жөндеуден өткен. Қабырға негізгі биіктігі 0.5 м дейін ғана сақталған. Қабырғаларының көп бөлігі мешіт қызмет еткен соңғы кезеңдерде тақтатастармен қойылған.

Батыс жағындағы қабырға табанында михраб қуысы тазартылды. Қабырғалардың ішкі жағына бұрыштан санағанда арақашықтықтары бірдей болатын екі еселі бұрыштық пилон түрінде кірпіштен шығыңқы етіп салынған. Жоспарда олар бір-біріне қарамақарсы симметриялы орналасқан. Күйдірілген кірпіштің өлшемі 26X13x4,5 см болған. Пилон, жартылай мұнара түріндегі қабырға тіректері тас немесе саз балшықтан жасалған қабырғалардың жабылып қалуын азайту үшін, қабырғалармен байланыспайтын тұрақты қаңқа құру үшін арналған. Олар шатырды ұстап тұру үшін қосымша тірек қызметін атқарған деп болжауға болады. Солтүстік қабырғасы фасад болып табылады.

Кіретін есік ортасында емес, солтүстік-батысқа қарай жасалған. Кіре беріс есіктің ені 1,77 м. Кіре беріс шығыңқы екі пилонмен бөлінген. Ол ені 2 м болатын тас төселген көше жағынан орналасқан. Кіре берісте екі жағынан есіктің бөлшектерін орнатуға арналған қуыстардың ізі байқалады. Тараз мешіті ІХ-ХІ ғғ. болған.[2]

Жоғарыда айтылғандай, қаланың орталық алаңындағы құрылыс қоқыстарынан тұратын төбелердің астында қоғамдық зәулім ғимарат қалдықтарының нышандары байқалады. Біздің ойымызша, алаңның батыс жағынан орын алған ғимарат қалдықтарының бірін мешіт деп болжауға болатын сияқты.

Ғимарат құрылысы жайлы толығырақ мағлұмат алу үшін. болжамды дәлелдеу немесе бекерлігін анықтау үшін біздер ғимарат тұрған жердің оңтүстікбатыс бөлігінде барлау қазбасын жүргіздік. Оның нәтижесі төменгідей болып шықты.

Ұзындығы 15 м, ені 2 М тең траншея 1,5 м тереңдікте (төбенің жоғарғы нүктесінен) күйдірілген шаршы кірпіштен төселген еден деңгейінен анықтап берді (13, 14 фото.). Қазба ғимаратты толықтай көлденең кесіп өткендіктен оңтүстікбатыс және солтүстік-шығыс дуалдарының қалдықтары анықталды. Сыртқы. оңтүстік-батыс (михраб) дуалы 5,5 қатар кірпіштен 1,4 м қалыңдықта қаланған. Сақталып қалған биіктігі 7-8 қатар кірпіш болып келеді. Солтүстік-шығыстағы дуал да осындай қалыңдықта болуы тиіс. Оның сақталған биіктігі 1,2 М. Олардың ортасында орналасқан бөлме (ені 9 М) ортасынан ені 1,4 М келетін тірек бағанамен бөлінген. Бір шеті қазба алаңынан тыс қалғандықтан, оның ұзындығы анықталмай қалды. Бағанадан солтүстік-шығыс дуалға қарай созылған ені 0,7 М Кереге байқалады. Солтүстік-шығыс дуалда өткел болған секілді. Оның едені, дуалдың арғы жағы секілді күйдірілген кірпіштің сынықтарынан төселген. Бұл өткел дуал бойында орналасқан ені 1 М жуық (3-4 қатар кірпіш деңгейінде қаланған) аласа сыпаға келіп тіреледі. Ашылған алаңдағы ғимарат бөлігінің көрінісі осындай. Осының негізінде бүкіл ғимараттың жобасын анықтауға болатын сияқты. Л.О. Маньковскаяның классификациялауы бойынша бұл ғимаратты жұма мешіт үлгісіндегі екі қатарлы, бес нефті намазгох, түрі бойынша алды ашық мешіт-айуан болған деп шамалаудың қисыны бар. Дуалды қалауға және еденді төсегуге көбінесе ені мен ұзындығы 25-27 см. Қалыңдығы 5 см шаршы кірпіштер пайдаланылған. Кірпіштің күйдірілуінің сапасы негізінен жоғары болып келеді. Толық күйдірілмеген кірпіш ғимараттың солтүстік. Шығыс дуалының сақталынып қалған жоғарғы бөлігінде ғана пайдаланылған. Кірпіштер жай саз балшықпен қаланған. Дуалдардың сақталып қалған қабырғаларында сыла кіздері байқалмады. Еден және дуал қалдықтарын басып қалған үй інділер арасынан кірпіштерді қалауға пайдаланылған әк пен алебастрдан жасалған ерпінді үлгілері табылды. Бүлерітінді, сірә, күмбіздерді қалағанда ғана пайдаланылса керек.

Еден кірпіштерінде кеп басылудан пайда болған «көнетоздық» іздері көрінеді. Кейбір кірпіштер шытынап кеткен. Солтүстік-шығыс дуал мен ортадағы бағана ащындағы еденнің кірпіштері жоқ.

Еденді басып қалған қабат сынық (жәнебүтін) күйдірілген кірпіштің топырақ пен араласқан үйінділерінен күралған. Тұрмыстық қыш ыдыстардың ұсақ сынықтары, өндірісті қаулы керамика қалдықтары, сырлы тостаған мен табақтар жату кезінде көзеші-шеберлер пайдаланған аспап «сепоя» сынықтары өте сирек ұшырасты. Үйінділер арасынан қаптауыш жылтыр кірпіш пен тақашалардың қалдықтары да қазірше кездеспеді. Керамиканың жинап алынған қалдықтарын бояуланған кесе, пиалай, табак және басқалардынышандарына қарай XVII-XVIII ғғ, жатқызуға болады.

Қысқа мерзімді қазба жұмыстары барысында жинақталған мағлұматтар бізге темендегі дей ой қорытуға мүмкіндік береді. Сауранның солтүстік-шығыс қақпасынан бастау алатын басты кеше бойында қаланың орталық алаңы орналасқан. Алаңды айнала діни және қоғамдық сипаттағы зәулім ғимараттар салынған. Қазіргі таңда олардың қалдықтары ғана көрініп жатыр. Алаңның солтүстік-батыс шетін толық алып жатқан кұрылыс кешенінің орнын бір қатар сыртқы белгілеріне қарап, қаланың бас мешіті деп шамалауға болады. Оның жанында, алаңның солтүстік шығыс қанатының бойын ала тағы да осындай сипаттағы төбелер жатыр.

Олар алаңға шығар жолдары болғаны анық байқалатын кең де тұйықаулары кұрайды. Мұны медресе ғимаратының қандықтары деп болжаудың қисыны бар.

Әдетте діни мекемелер мен қоғамдық ғимараттар (мешіттер, медреселер, ханакалар

т.б.) Ортағасырлық қалалардың орталықаландарында Өзіндік Сәулеттік ансамбльдерін кұрайтын болған. Мұның ең жақын мысалдары: Әмір Темірдеуіріндегі Самарқанд пен Бухара. Сондықтан да біз көне қала орнының дәл осы жерінде «Сауранрегистаны» орналасқан деп санасақ, тым үлкен тәуекелге бара қоймаймыз.[3]

Әдебиеттер тізімі

1. Свод памятников истории и культуры Южно-Казахстанской области. Отрарский район. – Алматы :Издательство «Баур». 2007. 424 с.

2. К.М.Байпақов, Г.А.Капекова, Д.А.Воякин, А.Н.Марьяшев. Ежелгі және орта ғасырлардағы Тараз бен Жамбыл обылысының қазыналары. – Алматы: «Археологиялық сараптама» ЖШС, 2013. – 320 б., илл.

3. Байпақов К.М., Смағұлов Е.А. Ортағасырлық Сауран шаһары. – Алматы: «Credo», 2005. – 202 б., 28 қосарбет. Қазақ, орыс және ағылш. Тілдерінде.

Аннотация: В настоящей статье описывается возникновение и развитие мечетей в одном из общественных зданий средневекового Отрара и Тараз в Южном Казахстане. С 1971 года начала свою работу Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция (ЮККАЭ), которая действует и по сей день после перерывов 1993-1996 годов. В эти годы Пятничная мечеть в конце XIV века - начале XV века, Пятничная мечеть XVI - XVIII веков. Раскопки в древнем городе Таразе являются строительными блоками и зданиями на разных этапах повествовательной жизни. Археологические материалы средневекового Отрара, Тараз и Сауранпоказывает уровень мечетей в своих городах. Детали средневековой мечети Сауран.

Abstract: This article describes the emergence and development of mosques in one of the public buildings of medieval Otrar and Taraz in South Kazakhstan. Since 1971, the South Kazakhstan Complex Archaeological Expedition (SKCAE) has begun its operation, and continues to the present day after the interruptions of 1993-1996. During these years Friday mosque at the end of XIV century - beginning of XV century, Friday mosque of XVI - XVIII centuries. Excavations in the ancient city of Taraz are the building blocks and buildings at different stages of the narrative life. Archaeological materials reflect the medieval Otrar and mosques in Taraz and Sauran. Details of the medieval Sauran Mosque.